

Бәкірова Самал Әбілпатташқызының 8D02108-Хореография білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған «Хореография өнері саласында мамандарды даярлаудың қазақстандық моделі (ұлттық би өнерін дамыту негізінде)» тақырыбындағы диссертациясына ресми рецензент п.ғ.к., доцент Тлеубаева Балжан Сейдрамановнаның Пікірі

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағытына (8D02108-Хореография) және ҚР МСМ МК Қазақ ұлттық хореография академиясы ШЖҚ РМК диссертациялық кеңесі туралы ережесіне сәйкес келеді.</p> <p>Диссертациялық жұмыс мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның аясында орындалмаған. Дегенмен де, диссертациялық жұмыстың 3 бөлімін болашақта гранттық қаржыландыру бойынша сайысқа ұсынуға болады.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	<p><u>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, алоның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.</u></p>	<p>Диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлес қосады. Хореографиялық білім беру жүйесі қазіргі таңда өзгермелі және өскелең талаптар мен қажеттіліктерді қанағаттандыра отырып, отандық білім саласын әлемдік білім кеңістігіне кіріктіруге талпынуда. Бұл хореографиялық білім беру жүйесін жетілдіруді және сапалы деңгейге көтеруді міндеттейді. Осы орайда зерттеу жұмысының хореография өнері саласында мамандар даярлаудың қазақстандық моделін зерттеуі, отандық білім беру жүйесінің тарихы мен тәжірибесін саралау арқылы ұлттық би өнерін әрі қарай дамытуға үлес қосатыны сөзсіз.</p>

3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған 	<p>С.Ә. Бәкірованың диссертациялық жұмысты өзі жазу деңгейі жоғары. Зерттеу жұмысын отандық және шетелдік ғалымдардың әдебиеттеріне талдау жасап, еліміздегі хореография өнері саласындағы білім беретін жетекші оқу орындарының тәжірибесін сараптап, мұрағаттарда зерттеу жұмыстарын жүргізу арқылы сонымен қатар, өзінің білім алушы ретіндегі және оқытушы ретіндегі тәжірибесіне сүйеніп жазған.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген. <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды <p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді <p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ 	<p>Диссертациялық жұмыстың өзектілігі негізделген. Хореография өнерінің дамуы, отандық кәсіби мектептеріміздің тәжірибесіне тікелей байланысты. Осы орайда жаңа заман талаптарына сай қалыптасқан қазақстандық хореография өнері саласында білім беру жүйесінің бірегей даму тәжірибесін терең зерделеу, ұлттық би өнерін жетілдірудің жолдарын жолдарын қарастыру тақырыптың өзектілігі болып табылады.</p> <p>Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбына сай, зерттеу жұмысы логикалық түрде құрылған, хореография өнері саласында мамандар даярлаудағы мәселелерді ашады және тиісті мысалдарда дәлелді негіз жасайды.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеті зерттеу тақырыбына сәйкес келеді. Зерттеу жұмысын қарастыра отырып ізденушінің ғылыми тұрғыда қойылған мақсатына жетіп, міндеттерін толығымен орындады деп санаймын.</p> <p>Диссертациялық жұмыс кіріспеден, үш бөлімнен, оның әр қайсысы үш-тараудан және қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттерден сонымен қатар қосымшадан тұрады. Диссертациялық жұмыстың құрылымы бір-бірімен толық байланысқан және хореография өнері саласында мамандарды даярлаудың қазақстандық моделін сипаттап, кездесетін мәселелерді айқындап, ұлттық би мәдениетін жетілдірудің қазіргі жағдайын анықтайды.</p>

		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) <u>сыни талдау бар;</u> 2) талдау жартылай жүргізілген; талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Ізденуші зерттеу мәселесі бойынша белгілі ғылыми еңбектерді, хореография өнері саласында мамандар дайындаудың отандық тәжірибесін сыни талдай келе, ұлттық би өнерін дамытуға бағытталған өзіндік ұсыныстарын береді.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болыптабыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p> <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері жаңа болып табылады. Себебі:</p> <p>1. Отандық хореографиялық білім беру жүйесінің қалыптасу кезеңдері анықталып, «қазақстандық модель» ұғымы ғылыми тұрғыдан сипатталып, анықтама берілген.</p> <p>2. Хореография өнері бағытында Қазақ ұлттық хореография академиясының тәжірибесі мен жетістіктері сараланып, сонымен қатар, төтенше жағдайда оқу үрдісін ұйымдастырудың жолдары анықталған (бүкіләлемдік пандемия Kovid -19).</p> <p>3. Қазақ ұлттық хореография академиясының ұлттық би өнерін дамытудағы негізгі бағыттары зерделеніп, ұлттық биді дамыту негізінде хореограф-мамандар даярлаудың қазақстандық моделін іске асырудың жолдары ұсынылған.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың қорытындылары толығымен жаңа:</p> <p>1. Отандық хореография педагогикасының даму тарихын үш кезеңге бөліп, хореонологиялық анықтама берген: 1934-1950 жылдар - қалыптасуы, 1950-1990 жылдар - дамуы, 1990 жылдан қазіргі уақытқа дейін - жетілдірілуі.</p> <p>2. Еліміздің хореографиялық білім беру жүйесінің мазмұндық сипаттары зерттеліп, орта және жоғары оқу орындарында білім беру үрдісінде кездесетін бірқатар</p>

		<p>мәселелер айқындалып, шешу жолдары ұсынылған.</p> <p>3. Қазақ ұлттық хореография академиясының мамандар дайындаудағы көпдеңгейлілік, дуальді оқыту, теория мен практиканың сабақтастығы, қазақ биінің ғылыми-әдістемелік зертханасының жұмыс бағыты, ғылыми-шығармашылық сынды ерекшеліктерін айқындап, ғылыми-шығармашылық жұмыстарын дамыту мақсатында ұсыныстар анықталған.</p> <p>4. Хореография өнері саласында қашықтықтан білім беруді ұйымдастыруда Қазақ ұлттық хореография академиясының тәжірибесін талдап, дәріс және практикалық сабақтарды ұйымдастыруға әдістемелік кеңес жасалынған.</p> <p>5. «Қазақ ұлттық биінің ғылыми-әдістемелік зертханасы» жұмыстарының функцияналдық бағыттары: талданып, әріқарай зертхананы дамытудың жолдары айқындалған.</p> <p>6. Академияның оқытушыларының қазақ биі пәнін оқытудағы қолданылатын әдіс-тәсілдердің вариативті формалары анықталған.</p> <p>7. Хореографиялық факультеттерде оқу процесін ұйымдастыру ең алдымен, ұлттық компонент пен этно-көркемдік білім беруден басталуы керек деп тұжырымдап, «Қазақ халқының дәстүрлі би мәдениеті» атты элективті курс оқу бағдарламасына енгізу ұсынылған. Зерттеудің нәтижелерін қорытындылай келе, академияның білім беру деңгейлерін негізге ала отырып, ұлттық би өнерін дамыту негізінде мамандарды даярлаудың қазақстандық моделі әзірленген.</p>	
	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделгенбе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>		

6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертациялық жұмыстың барлық қорытындылары ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Ізденуші келтірген барлық негізгі тұжырымдар ғылыми тұрғыдан жеткілікті түрде негізделген, өйткені бұл тарихи-хронологиялық контексте қарастырылған яғни, отандық хореографиялық білім беру жүйесінің нақты тәжірибесіне сүйеніп, сыни талдау жүргізген.
7	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>- отандық хореография педагогикасының өзекті мәселелерін зерттеген ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, үш кезеңге бөлу арқылы даму тарихына хореонологиялық анықтама берілді: 1934-1950 жылдар - қалыптасуы, 1950-1980 жылдар - дамуы, 1980 жылдан қазіргі уақытқа дейін - жетілдірілуі.</p> <p>7.1. қағидат дәлелденген;</p> <p>7.2. тривиалды емес</p> <p>7.3. қағидат жаңа</p> <p>7.4. қолдану аясы кең</p> <p>7.5. мақалада дәлелденген.</p> <p>- еліміздің хореографиялық білім беру жүйесінің мазмұндық сипаттарын қарастырып, орта және жоғары оқу орындарында білім беру үрдісінде кездесетін бірқатар мәселелер айқындалып, шешу жолдары ұсынылды;</p> <p>7.1. қағидат дәлелденген.</p> <p>7.2. тривиалды емес</p> <p>7.3. қағидат жаңа</p> <p>7.4. қолдану аясы кең</p> <p>7.5. мақалада дәлелденген.</p> <p>- академияның мамандар дайындауда көпдеңгейлілік, дуальді оқыту, теория мен практиканың сабақтастығы, ғылыми зертханалардың ұйымдастырылуы сынды ерекшеліктері айқындалып, ғылыми-шығармашылық жұмыстарды дамыту мақсатында ұсыныстар анықталды;</p> <p>7.1. қағидат дәлелденген.</p> <p>7.2. тривиалды емес</p> <p>7.3. қағидат жаңа</p> <p>7.4. қолдану аясы кең</p> <p>7.5. мақалада дәлелденген.</p> <p>- хореография өнері саласында</p>

		<p>қашықтықтан білім беруді ұйымдастыруда академияның тәжірибесі талданып, дәріс және практикалық сабақтарды ұйымдастыруға әдістемелік ұсыныс жасалынды;</p> <p>7.1. қағидат дәлелденген. 7.2. тривиалды емес 7.3. қағидат жаңа 7.4. қолдану аясы кең 7.5. мақалада дәлелденген.</p> <p>- ұлттық би өнерінің сан қырлы сипаты, ғалымдардың зерттеу объектісіне айналып отыр. Осы орайда, қазақ ұлттық биінің ғылыми-әдістемелік зертханасының оқу-әдістемелік, ғылымилық, практикалық бағыттарын зерттеп, әрі қарай зертхананы дамытудың жолдары айқындалды;</p> <p>7.1. қағидат дәлелденген. 7.2. тривиалды емес 7.3. қағидат жаңа 7.4. қолдану аясы кең 7.5. мақалада дәлелденген.</p> <p>- академияның оқытушыларының қазақ биі пәнін оқытудағы қолданылатын әдіс-тәсілдерінің вариативті формаларын анықтап, орта білім беру деңгейінде А.А. Татидің, А.А. Садықованың, А.Ш. Шәмшиевтің сабақтары, жоғары білім беру деңгейінде Т.О. Ізімнің, А.К. Кульбекованың оқыту әдіс-тәсілдері анықталды.</p> <p>7.1. қағидат дәлелденген. 7.2. тривиалды емес 7.3. қағидат жаңа 7.4. қолдану аясы кең 7.5. мақалада дәлелденген.</p> <p>- хореографиялық факультеттерде оқу процесін ұйымдастыру ең алдымен, ұлттық компонент пен этно-көркемдік білім беруден басталуы керек деп тұжырымдап, «Қазақ халқының дәстүрлі би мәдениеті» атты элективті курс оқу бағдарламасына енгізуге ұсынылды. Зерттеудің нәтижелерін қорытындылай келе, академияның білім беру деңгейлерін негізге ала отырып, ұлттық би өнері саласында мамандарды даярлаудың</p>
--	--	---

		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі өте бай. Әдеби шолуға жеткілікті.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыс өте ауқымды. Хореография өнері саласында мамандар даярлаудың отандық тәжірибесін, даму тарихын, білім беруді ұйымдастыру жолдарын теориялық тұрғыдан анықтайды.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Диссертациялық жұмысты жоғары оқу орындарының «Хореография» білім беру бағдарламасына авторлық курс ретінде ұсынуға және хореографиялық білім беру орындарының оқу-шығармашылық үрдісін ұйымдастыруда, қашықтықтан білім беруде, ғылыми зертханалардың қызметін ұйымдастыруда қолдануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Практикалық ұсыныстар жаңа. Автордың қашықтықтан білім беруді ұйымдастырудағы әдістемелік кеңестері, «Қазақ ұлттық биінің ғылыми-әдістемелік зертханасының» қызметін әрі қарай дамытуға арналған ұсыныстары, ұлттық хореография өнері саласында мамандарды даярлауда әзірлеген «Қазақ халқының дәстүрлі би мәдениеті» атты элективті курсы жұмыстың практикалық құндылығын растайды.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Ғылыми зерттеу жұмысы диссертациялық жұмысқа қойылатын талапқа сәйкес академиялық жазу сапасы жоғары. С.Ә. Бәкірованың диссертациялық зерттеуі өте ауқымды және қисынды жазылған, оқуға оңай. Диссертациялық жұмыстың құрылымын ресімдеу белгіленген талаптарға сәйкес орындалған, жүйелі тұрғыдан ғылыми стильде жазылған.

Бәкірова Самал Әбілпатташқызының 8D02108-Хореография білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған «Хореография өнері саласында мамандарды даярлаудың қазақстандық моделі (ұлттық би өнерін дамыту негізінде)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы аяқталған. ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптары мен «Дәрежелер беру қағидаларында» көрсетілген талаптарға сәйкес келетіндіктен философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

М.Әуезов атындағы
Оңтүстік Қазақстан университеті
«Өнер» кафедрасының меңгерушісі,
педагогикалық ғылымының кандидаты, доцент



Телебаева Б.С.